

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 шілдедегі N 179 қаулы. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 27 тамызда N 7-6-111 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 30.12.2010 № 358 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 960 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 960 Жарлығын іске асыру туралы" N 313 Қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "Жәнібек аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақырылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын және және аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамында аудандық медициналық комиссия құрылсын.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2

қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Ауылдық округ әкімдері азаматтарды толық әскери қызметке шақыру, оларды әскер қатарына жөнелту үшін уақытында қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Жәнібек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Жәнібек аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің сұранысына қажетті қоғамдық қызметкерлермен қамтамасыз етсін.

6. "Жәнібек аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша):

1) шақыру кезеңіне арнап қажетті мөлшерде жоғары білікті тәжірибелі дәрігер-мамандар, медбикелер бөлсін және қорғаныс істері жөніндегі бөлімді медициналық жабдықтармен, аспаптармен қамтамасыз ету ұсынылсын;

2) шақыру комиссияларымен емдеу мекемелеріне жіберілген шақырылушылардың стационарлық және емханалық тексерулерін және емделуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Аудандық ішкі істер бөлімі (келісім бойынша) шақыру пунктінде әскерге шақырылушы азаматтардың қоғамдық тәртіпті сақтауын қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Аудандық қаржы бөлімі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру, оларды әскери бөлімшелерге алдыру жөніндегі шараларды орындауға байланысты шығындарға, аудандық бюджеттен қаралған қаражатын бөлсін.

9. Жәнібек аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (келісім бойынша) шақырудың барысы туралы қорытынды ақпаратты 2010 жылдың 15 желтоқсанына тапсыру ұсынылсын.

10. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 23 маусымдағы N 155 "2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыру жасындағы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" қаулысының күші жойылсын.

11. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. А. Есенғалиевке жүктелсін.

12. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 15 сәуірінен туындаған құқық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі Р. Өтешев

КЕЛІСІЛДІ:

Жәнібек ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы

_____ Т. Л. Ерғалиев

29.07.2010 ж.

"Жәнібек аудандық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
д и р е к т о р ы
----- Т. Қ. Мұсағалиев

29.07.2010 ж.

Жәнібек аудандық қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі
б а с т ы ғ ы н ы ң м . а .
----- Ф. Қ. Ниязалиев

29.07.2010 ж.

Жәнібек аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің
м е н г е р у ш і с і
----- Т. С. Шыниязов

29.07.2010 ж.

2 0 1 0 жы л ғы 2 9 ш і л д е д е г і
N 1 7 9 қ а у л ы с ы н а
1-қосымша

**Мерзімді әскери қызметке
азаматтарды шақыру комиссиясы
құрамы**

Мағзомов Арман Төлепұлы	–	аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Сапар Абдоллаұлы Мәмбетәлиев	–	аудандық ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:		
Төлеуов Берік Төлепұлы	–	аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Өтегенов Амангелді Бұхарұлы	–	аудандық аурухананың дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)
Шукенова Бәлия Сағынғалиқызы	–	аудандық аурухананың медбикесі, комиссия хатшысы

**Аудандық әскерге шақыру комиссиясының
(резервтік) құрамы**

--	--	--

Бекжанов Нұртас Нұрманұлы	–	аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бөлімше бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Тастенова Райгүл Исатайқызы	-	аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадрлармен жұмыс бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:		
Дауова Мәнсия Нариманқызы	–	аудандық аурухананың дәрігері;
Куанышқалиев Еркін Сабидоллаұлы	–	ауданның ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Кушумова Айнур Мерейқызы	–	аудандық аурухананың медбикесі, комиссия хатшысы.

Аудандық шақыру комиссиясының жұмыс тәртібі аудандық қорғаныс істері бөлімінің жұмыс кестесіне сәйкес (жергілікті уақыт бойынша) сағ. 8.30-дан 12.30-ға дейін белгіленсін.

Аудандық медициналық комиссия құрамы

Медициналық комиссияның төрағасы, дәрігер

Д ә р і г е р - м а м а н д а р :
Х и р у р г
К ө з д ә р і г е р і
Н а р к о л о г
Н е в р о п а т о л о г
Т е р і в е н е р о л о г
Д е р м а т о л о г
Р е н т г е н о л о г
Т і с д ә р і г е р і
О т о л а р и н г о л о г
Т е р а п е в т

Психиатор

Орта буын медицина қызметкерлері:
Көз дәрігерінің медбикесі
Терапевт дәрігердің медбикесі
Отоларинголог дәрігердің медбикесі
Рентгенолог дәрігердің медбикесі
Психиатор дәрігердің медбикесі
Нарколог дәрігердің медбикесі
Тіс дәрігердің медбикесі

Невропатолог дәрігердің медбикесі
 Дерматолог дәрігердің медбикесі
 Фтизиатрдың медбикесі
 м е д б и к е с і

медбикесі
 2010 ЖЫЛҒЫ 29 шілдедегі
 N 179 қаулысына
 2-қосымша

**Азаматтарды мерзімді әскери
 қызметке шақыруды өткізу
 кестесі**

N	Мекеменің атауы	сәуір	мамыр	маусым	қазан	қараша	жел- тоқсан
1	Қорғаныс істері жөніндегі бөлім	16, 19, 20, 21, 22, 23, 26, 27, 28, 29, 30	3, 4, 5, 6, 7, 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19, 20, 21, 24, 25, 26, 27, 28, 31	1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 14, 15, 16, 17, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30	1, 4, 5, 6, 7, 8, 11, 12, 13, 14, 15, 18, 19, 20, 21, 22, 25, 26, 27, 28, 29	1, 2, 3, 4, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 15, 16, 17, 18, 19, 22, 23, 24, 25, 26, 29, 30	1, 2, 3, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 14, 15, 17, 20, 21, 22, 23, 24, 27, 28, 29, 30